

## Баланың есту қызметінің төмендегені сезілген кезде ата-аналарға берілетін сауалнама

1. 2-3 апталық бала қатты дыбыстардан шошиды ма?
2. 2-3 апталық бала дауыстың дыбысынан қатып қала ма?
3. Қатты дыбыстан бала мазасыздана ма?
4. 4 айлық бала дауысқа немесе ойыншықтың дыбысы шығып жатқан жаққа мойнын бұра ма?
5. 1-3 айлық бала анасын көрместен оның дауысы шығып жатқан жаққа көңіл аудара ма?
6. 1,5-6 айлық балалар қатты шыққан дыбысқа айғаймен немесе көзін қатты ашумен жауап береді ме?
7. 2-4 айлық бала уілдей ма? Бұл дыбыстар біркелкі ме әлде интонациялық бояуы бар ма?
8. 4-6 айлық баланың уілі былдырлап сөйлеуге ұласа ма (*ба, па, ма* буындарының пайда болуы және олардың реттілігі) ?
9. Ата-анасын көрген кезде эмоционалды былдырлап сөйлеуі пайда бола ма?
10. Балаға 8-10 ай болған кезде жаңа сөйлеу буындары пайда бола ма?
11. 6-7 айдан асқан кезде бала өз есімі аталғанда бұрылып қарай ма?
12. Балаға 8-10 ай болған кезде қарапайым сұрақтарды түсінеді ме? («*Допты берші*» және т.б.).
13. Бір жасқа толған баланың айта алатын сөздері болады ма?
14. 1,5-2 жастағы бала екі сөзден тұратын сөз тіркесін айта алады ма?
15. 2 жастағы бала сөйлесу кезінде сөйлеп тұрған адамның бетіне қарауға тырысады ма?

**Нәтижелерді бағалау:** 1-14 сұрақтарға теріс жауап берген кезде және 15-ші сұраққа ия деп жауап берген кезде баланың естуі төмендеген немесе есту арқылы қабылдауы бұзылған деген күдік бар. Бұл жағдайда объективті әдістерді пайдалана отырып кешенді тексеруден өту ұсынылады.